

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АТЫРАУ ӨңІРІНІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ ТАРИХЫНАН

Сатимова Динара Кахарманқызы dinara.satimova@asu-edu.kz «Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты. Соғыстың басталуы және оның сипаты туралы тарихи деректерге сүйенетін болсақ: Шабуыл жасаспау туралы (1939 ж. 23 тамыз) Кеңес Одағымен жасаған келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс жарияламастан КСРО аумағына аяқ астынан басып кірді. 1940 жылдың орта кезеңінде-ақ (18 желтоқсан) Гитлер КСРО-ға басып кірудің «Барборосса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл 183 жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қол шоқпарларының құрлықтағы, әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасайтын болды. Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай), «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде (қараша) аяқтау тиіс еді. Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді. Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Маншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. 1942-1943 жылдары Қазақстанға майданнан 16 делегация, ал 1944 жылы 6 делегация келіп кетті. Олардың ішінде Қазақстанда жасақталған 8-гвардиялық атқыштар, Сталинградтық дунайлық 73-гвардиялық, 391-, 310-, 314-атқыштар дивизияларының т.б. әскери бөлімдер мен құрамалардың жауынгерлері болды. Олар кәсіпорындарда, колхоз, совхоздарда, оқу орындары мен ғылыми мекемелерде болып, өз бөлімшелерінің жауынгерлік жолы, полктес жолдастарының ерліктері туралы айтып берді. Академик А. С. Орлов соғыс жылдарында орысша-қазақша сөздік құрастырып, «Батырлар жыры» атты еңбек жазды. Алматыға майдан өңірінен 20-ға жуық ғылым-зерттеу мекемесі көшіріліп жұмыс істеді. КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы да соғыс мұқтажына жұмыс істеді. Майдан қажетіне байланысты сирек металды зерттеу ісінде Қ. И. Сәтбаев көп еңбек сіңірді. 1942 жылы Қ. И. Сәтбаевқа Жезқазған мыс кен орындарын зерттеу еңбегіне байланысты Мемлекеттік сыйлық берілді [1]. 1. Соғыс жылдарындағы Атыраудың білім саласы. көптеген халық ағарту қызметкерлері Ұлы Отан соғысы жылдары ерекше көзге түсті. Мысалы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Сабыр Қазыбаев, қоғам қайраткері Шокан Қаржауов, бірқатар жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтын басқарған Дүйсенғали Байбосынов, ғалым-ұстаздар Х. Ахметжанов, Д. Қанцев, мектеп пен білім беру органдарын басқарған Р. Тілесов. Н. Сусленко, Г. Липатов, С.Л. Попов, Ж. Мышанов, Ж. Бисенғалиев, З. Зулқашев, М. Мұхамбеталиев, Ш. Өтегенов, Х. Шудабаев, С. Құрманбаев, мектеп мұғалімдері З. Төрекұлов, К.А. Нехриков, В.Г. Образцов, т.б. есімдері бүгінде облыстық білім мұражайында көрнекті орын алды. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында Қызыл Армияның сапында мектеп мұғалімдері, мектеп

директорлары, оқу ісінің меңгерушілері, т.б. педагогтар жан аямай шайқасты. Олардың майдандағы ерлігі жас ұрпаққа үлгі болды. Ұлы Отан соғысынан кейін ұзақ жылдар бойы Гурьев педагогикалық институтында, кәсіптік-техникалық училищелерде ұстаздық қызмет атқарған Совет Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың майдандағы ерлік жолы қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романына арқау болды. Қайырғали Смағұлов Дондағы Ростов, Севастополь қалаларын жаудан азат етуге қатысып, атақты Кіші Жер плацдармын қорғаушылардың қатарында болды. Атырау қаласында №27 мектептің мұғалімі болған Сүйеуғали Ыбыраев Мәскеу қаласында 1945, 1990, 1995 жылдары өткен Жеңіс парадына қатысты. Он сегіз жасында майданға аттанып, соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан С. Ыбыраев зеңбірек расчетінің командирі болды. 3-, 2- дәрежелі «Даңқ», 2-, 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталды. Атыраулық педагог-жауынгерлер Мәскеу мен Ленинград, Сталинград пен Курск, Киев, Одесса, Севастополь, Мурманск, т.б. қалаларды азат етуге, сонымен қатар Шығыс Еуропа елдеріндегі шайқастарға қатысып, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Отан үшін жанын пида еткен батырлар қатарында Құралбаев Хамит, Шонаев Оңай, Жақыпов Серікқали, Әбішев Сәлім, Абросимов 184 Виктор, Әбілев Мұратқан, Әбілев Мырзабай, Сарбаев Аманғали, Айтқұлов Хасан, Жұлдызов Әубәкір, Ізмағамбетов Хасен, Кенжеғалиев Иманғали, Карабалин Ізім, Дінов Қожабай, Қаржауов Ғинаят, Лұқпанов Мұхамбетжан, Оразалин Қуан, Сатыбалдиев Өтепқали, Сүйембаев Бақтияр, Юсупов Төреғали, Байсейітов Күбаш, Фаткулин Ғинаят, Погодаев Г., Умнов В., Дүйсенғалиев Б., Хорганов, Өрістенев, Тарабрин, Ержанов, Лаупан, Такенов Фарух, Жұрынтаев Султан, Таманов Арыстан, Дәулетов Елеу, т.б. облыс педагогтері болды [2]. Сондай-ақ соғыс жылдары әскер қатарына алынған оқытушы жігіттердің орнын орта білімі бар немесе қысқа мерзімді мұғалімдік курстар бітірген қыз-келіншектер ауыстырды. Олардың қатарында Өтенова Зәру, Дүйсенғалиева Батима, Мырзабекова Эмина, Хисамеденова Бану, Петричева Любовь Тимофеевна, т.б. болды. 1941 жылдың күзінен облыста Қызыл армияны азық-түлікпен, жылы киімдермен жабдықтау және жауынгерлердің семьяларына көмек ұйымдастыру қозғалысы кең өріс алғаны белгілі. Облыс мұғалімдері 1943 жылы майданға 120 мың сомға киім, шұлық, қолғап, ет, т.б. өнімдер жөнелтуге ат салысып, 90 мың сомның қаражатын жинады. Жыл сайын сенбіліктер ұйымдастырылып, қаражат майдан керегіне аударылды. Балықшы поселкесінде орналасқан Ломоносов атындағы мектепте ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ұстаздық қызметі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Слепнева Тамара Ильинична Ұлы Отан соғысы жылдарын былай деп еске алады: «Соғыс жылдары мен осы мектепте оқыдым. Ол кезде үлкендерге де, балаларға да -те қиын болды. Мектеп үйі орталық жылу жүйесі ажыратылып тасталғандықтан ете салқын еді. Сия қатып қалып жүрді. Кейін әрбір класқа темір пеш (буржуйка) орнатылды. Әрбір кластың бұрышында тук (балық ұны) жатты, оны пешке отын ретінде жағатын. Балалардың сырт киімі өте нашар болды, бір пар аяқ киімді жанұяда 2-3 бала кезектесіп киетін. Мектепте балаларға косымша тамақ берілді. Үлкен үзілісте әрбір оқушыға 50 грамм нан мен темір аяққа құйылған быламық (ыстық суға майсыз, кара астықтың ұнын езіп салатын) үлестірді. Дәптер болмағандықтан, ескі газеттердің бетіне жазатынбыз. Кластағы барлық оқушылар үшін 1-2 оқулық болды. Оқушылар сабақтан кейін зауытта жұмыс істеді. Салмен балық тасыды, балық салуға бөшекелер жасайтын тақтайшаларды жинады. Үйлерінде олар майдандағы жауынгерлер үшін темекі қаптар (кисеттер) тікті, қолғап, шұлық тоқыды. Сонымен қатар соғыс кезінде жер ауып келген өзге ұлт (корей, неміс, армян, грек, шешен, т.б.) өкілдері үшін тұрмыстық құралдар, аяқ-табақ, т.б. жинауға көмектесті. Гурьев қаласында орналасқан госпитальдардағы жаралы жауынгерлерге арнап, концерттер қоюға қатысты» [3]. Соғыс кезінде мектептерде жұмыс істеген мұғалімдер елдегі қиыншылықтарды

халықпен бірге бастан кешірді. Әсіресе, ауылдық жерлердегі жұрттың тұрмысы өте ауыр болды. Сол жылдары Айбас ауылындағы мектепте істеген мұғалім Нәжімеден Нұрмағанбетов мектеп тіршілігін былайша суреттейді: «Ауылдағы көп баланың әкелері соғыста мерт болды. Әйелдер ауыр жұмыстан еңселерін түзей алмады. «Жаңа тұрмыс» колхозының басқармасы Суханбердиев Әбілхасымнан әке қамқорлығынсыз өскен оқушы балалар үшін сауын сиыр бөлдірдім. Баймырза кыстауында 10-15 оқушы бала жатты. Нан жоқ, құмдағы құмаршық дәнінен нан істедік. Соны балаларға беріп, жүректерін жалғаттық. Сабактан кейін балаларды жинап, майдандағы жауынгерлер үшін қолғап, шұлық тоқытатынбыз». 1943 жылы 7 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде Гурьев облысы Теңіз ауданы пионерлерінің Қазақ КСР К(б)П ОК-сіне танк колонналары құрылысына ақша жинау жөніндегі хаты жарияланды. Онда «Отанымызға түскен бұндай қиын күндері, әкелеріміз бен ағаларымыз бүкіл халықпен бірге фашист басқыншыларымен шайқасып жатқан кезде, Отанымызды қорғаушыларға шын жүректен көмектесу мақсатында, біз, пионерлер, Гурьев облысы Теңіз ауданының оқушылары, Пионерлер атындағы танк колоннасын жасауға мұғалімдеріміздің басшылығымен ақша жинауға кірістік. Сөйтіп, мемлекеттік банкіге 160 мың сом өткіздік» 185 делінген. 1944- 1945 оқу жылында, 2 қаланы (Гурьев және Форт-Шевченко) қосқанда, облыстағы 10 ауданда барлығы 1746 мұғалім еңбек етті, олардың 61-інің жоғары, 115-інің аяқталмаған жоғары, 618-інің орта және 952-сінің аяқталмаған орта білімі болды. Мұғалімдердің 3,4%-ының ғана жоғары, 6,5%-ының аяқталмаған жоғары білімі болған еді. Соғыс жылдарында, әсіресе, Новобогат, Манғыстау аудандарында, педагогикалық кадрдың тапшылығы қатты білінді. Ұлы Отан соғысы жылдарында білім беру баяу ырғақпен жүрді және оқушыларға қолда бар мүмкіншілікке сай білім мен тәрбие берілді. Қашан да, қай кезде де өз парыздарына адал, зиялы қауымның ең көп және бұқаралық бөлігі болып табылатын мұғалімдер майданда да, тылда да замана талабының биігінен көріне білді. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға қажетті жаяу әскердің кіші командирлерін дайындау мәселесі тұрды. Соғыс жылдары Қызыл Армияның офицерлер корпусының кіші лейтенант құрамын дайындау өте қиын жағдайларда жүргізілді. Өйткені елдің көптеген бөлігін уақытша жаулап алған территориялардан ірі өнеркәсіп орындарымен бірге әскери училищелер де тылға көшірілді. Мысалы, Шымкент қаласына Чугеев әскери ұшқыштар училищесі, Орал қаласына Одесса жаяу әскер училищесі, Ақтөбе қаласына 2 Бердичев жаяу әскер училищесі көшірілді. Ал Атырауда 1942 жылы жаяу әскер командирлерін даярлайтын училище ашылып. 1943 жылы 6 сәуірде Астрахан қаласына көшірілді. Училищенің негізгі міндеттерінің біріне майдан үшін кіші командирлер құрамын дайындау жатты. Оны қысқа мерзімде екі жүзден астам атыраулық бітіріп, майданға аттанды. Бірақ училищенің тарихына қатысты бірде-бір құжат облыстық архив қорында немесе облыстық, қалалық әскери комиссариаттың архивтерінде сақталмаған. Себебі, соғыс жылдары Гурьев облысы Оңтүстік Орал әскери округіне қарады. Округ штабы Чкалов (Орынбор) қаласында орналасты. КСРО-ның жауынгерлік әскери құжаттары Москва маңындағы Подольск қаласындағы әскери архивте сақталған. 2. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау ғылымның дамуы. Ұлы Отан соғысы жылдары ел қорғанысына ғалымдардың қосқан үлесі зор болды. КСРО ҒА Орал аймағы, Батыс Сібір және Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытуға ұзақ мерзімді бағдарлама жасап, жер асты пайдалы қазбаларын зерттеп, өндіру үшін арнайы комиссия құрды. Комиссияның жұмысына 13 эвакуацияланған ғылыми мекеме, Қаныш Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалымдары қатысты. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында 14 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеп, 1946 жылы Қазақстан ҒА-ның жеке ғылыми орталық ретінде құрылуына септігін тигізді. 1942 жылы КСРО ҒА корреспондент мүшесі М.А. Капелюшниковтың басшылығымен бір топ КСРО ғалымы Қазақстанға келді. 1943

жылдың қаңтар айында М.А. Капелюшников Ембі ауданын игерудегі басты кемшіліктерді көрсете отырып, оларды жою жолдарын да белгілеп берді. Ғалымдардың көмегімен Доссор кәсіпшілігінде мұнай өндіру ісі екі есе, Мақат кәсіпшілігінде үш есе артты. 1943 жылы 18 маусымда Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті №360 қаулы қабылдап, онда Қазақстан мұнай комбинатының ғалымдармен бірлесіп қабылдаған ұсыныстары ескерілгені аталып өтті. Нәтижесінде Нармонданақ (Комсомол), Жолдыбай, Оңтүстік Қошқар, Тентексор мұнай көздерінің ашылып, Нармонданақ (Комсомол) пен Жолдыбай мұнай көздері пайдалануға беріліп, Ембі мұнай өндірісінің өнімділігі артып, Нармонданақ (Комсомол) мұнай кәсіпшілігі 1943 жылы 41 мың тонна, ал 1944 жылы 71 мың тонна мұнай өндірді. 1943 жылы 19 ақпанда Атырау қаласында геологтардың кеңесі өтті. Кеңесте «Қазақстанның мұнайлы аудандарындағы мұнай көздерін зерттеу және 1944 жыл мен одан кейінгі жылдарда ондағы геологиялық барлау жұмысын дамыту жолдары» деген мәселе қаралды. Кеңеске КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссариатының бас геологі, геология ғылымдарының докторы, профессор М.Ф. Мирчик, Қазақ мұнай комбинатының бас геологі С.Т. Неволин, «Қазақстан мұнай барлау» тресінің бас геологі Авров, геология ғылымдарының докторы, профессор Вебер қатысты [4]. 186 1943 жылы шілде айында КСРО ҒА Қазақ филиалы жанынан «Жайық - Ембі ғылыми зерттеу базасы құрылды. База алғашқы күннен бастап Атырау облысы мен Қазақстанның батыс аймағындағы табиғи байлықтың көздерін іздестіру мен экономикасын және тарихын зерттеумен айналысты. Ол 1972 жылы Қазақ геологиялық-барлау ғылыми-зерттеу институты (КазНИГРИ) деп аталды. Ұлы Отан соғысы жылдары Атырау өңірінің білім мен ғылым саласы қиын кезеңдерді бастан өткерсе де, үлкен табыстарға жетті. Соғыс уақытындағы мұғалімдер мен оқушылардың, ғалымдар мен зерттеушілердің ерліктері, олардың Отан қорғаудағы белсенділігі мен қажырлы еңбектері өңірдің білім және ғылым саласының дамуына зор әсер етті. Қиындықтарға қарамастан, Атырауда мектептер мен жоғары оқу орындары жұмысын тоқтатпай, халыққа білім беру ісін жалғастырды. Сонымен қатар, ғылым саласында геология мен мұнай өндірісін дамыту бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Жергілікті ғалымдар мен мамандар мұнай өнеркәсібінің дамуына ықпал етіп, маңызды ресурстарды ашып, өндіру ісін арттырды. Соғыстың ауыртпалығына қарамастан, Атырау өңірі өз білімді және білікті мамандарымен Отан қорғау ісіне елеулі үлес қосты. Бұл тарихи кезең Атырау халқының патриотизмін, еңбекқорлығын және Отанға деген адалдығын тағы бір рет айқын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Нұрсұлтанова Л.И. Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг).- А., 2011.-141 с.-15-17 с. 2. Атырау облысы мемлекеттік архиві (АОМФ).-16-қ.,1т.,4114-іс 3. Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Үш томдық. 3-том.-294 бет. Алматы: «Литер-М», 2023.-294 б. 4. Мұқашев С. Летопись города Атырау (1640-2001)// [http:// www.atyrau-city.kz](http://www.atyrau-city.kz).